

"Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Костанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 наурыздағы № 64 қаулысы

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес, Денисов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жолдауды;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Нұргалиев Б.М.

Денисов

ауданы әкімдігінің

2022 жылғы 9 наурыздағы

№ 64 қаулысымен

бекітілген

"Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Денисов ауданы әкімдігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады

, Денисов ауданы аумағында жер қатынастары саласында функцияларды жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі мен қазақ тілінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан тұседі.

5. Бөлім, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасының заңнамасы.

7. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Денисовский ауданы, Денисовский ауылдық округі, Денисовка ауылы, Калинина көшесі, 5-ғимарат.

9. Осы Ереже Бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

11. Бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктеріне жататын міндеттерді орындау мақсатында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер Бөлім заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тaraу. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

12. Тапсырмалар:

1) жер қатынастарын реттеу саласындағы бірынғай мемлекеттік саясатты жүргізу және іске асыру;

2) жер заңнамасының, аудандық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер.

13. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, басқа да ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты сұрату, басқарманың құзыретіне кіретін мәселелерді дайындауға қатысу үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тарту;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер;

14. Функциялар:

1) иесіз жер участекерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) жер қатаистарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) жер участекерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту бойынша ауданның жергілікті атқарушы органдың ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

4) пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеумен және барлаумен байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін мемлекеттік сервитуттарды белгілеу туралы ауданның жергілікті атқарушы органдың ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер участекерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) жер участекерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) жерге орналастыруды ұйымдастыру және жер участекерін қалыптастырудың жерге орналастыру жобаларын бекіту;

8) жерді аймақтарға бөлу жобаларын, аудан жерлерін ұтымды пайдалану жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

9) елді мекендердің аумақтарын жерге орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

10) жерді сатуды (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру;

11) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

- 12) аудан жерлерінің балансын жасау;
- 13) жер участекелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқықтық қатынастарының өзге де субъектілерінің есебін жүргізу;
- 14) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелеріне паспорттар беру;
- 15) сатып алу-сату шарттарын және жер участекелерін жалдау және уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылау;
- 16) Жер кодексінің 33-бабының 1-тармағы алтыншы бөлігінің 5-1) тармақшасында көзделген жағдайда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) туралы шартты қайта ресімдеу;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауданың жергілікті атқарушы органдының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участекелерін пайдалануға рұқсат беруі бойынша ұсыныстар дайындау;
- 18) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бір түрден екіншісіне ауыстыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 19) пайдаланылмайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау;
- 20) жерді резервте қалдыру бойынша ұсыныстарды дайындау;
- 21) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;
- 22) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;
- 23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету.

3-тaraу. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі

15. Бөлім басқаруды басшы жүзеге асырады, ол "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.
16. Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
17. Бөлім басшысының өкілеттігі:
 - 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда мемлекеттік мекеме атынан өкілдік етеді;
 - 2) мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;
 - 3) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;
 - 4) бұйрықтарға, қызметтік құжаттамаға қол қояды;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлерді қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады, олардың өкілеттіктері мен міндеттерін айқындаиды;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

7) белгіленген еңбекақы қоры және қызметкерлер саны шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын, Бөлімнің құрылымын бекітеді;

8) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген мерзімдерде қарайды және олар бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күзыret шегінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4-тaraу. Мемлекеттік органдың мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару негізінде оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Бөлім, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5-тaraу Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.